

## **Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 17 наурыздағы N 296 қаулысына өзгертулер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 29 желтоқсан N 1890

Польша кредит желісі бойынша тікелей және Қазақстан Республикасы кепілдік берген міндеттемелерді орындауда пайда болған елеулі қиындықтарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Германия және Польша кредит желілері шеңберінде "АЗАТ" өндірістік-коммерциялық концернінің жобаларын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 17 наурыздағы N 296 қаулысына мынадай өзгертулер енгізілсін:

қаулының атауындағы "және польша кредит желілерінің" сөздері

"кредит желісі" сөздерімен ауыстырылсын;

1-тармақтың үшінші абзацы алынып тасталсын;

2-тармақтың екінші абзацындағы "мен Польшаның" сөздері алынып тасталсын;

6-тармақ "кредит желісі" сөздермен толықтырылсын, "және поляктық 10 млн. АҚШ долларына" деген сөздер алынып тасталсын.

2. "Польша Республикасы Үкіметінің кредитін тарту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 14 шілдедегі N 793 "г" қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі